

Ауданның тіркеуге тұратын жылы он жеті жасқа толатын азаматтарын әскери есепке тіркеуге алу жұмыстарын жүргізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімінің 2010 жылғы 07 желтоқсандағы N 290 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Қармақшы аудандық Әділет басқармасында 2010 жылы 22 желтоқсанда N 10-5-152 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - (Қызылорда облысының Әділет департаменті Қармақшы аудандық Әділет басқармасының 2011 жылғы 24 тамыздағы N 2-9/2549 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - (Қызылорда облысының Әділет департаменті Қармақшы аудандық Әділет басқармасының 2011.08.24 N 2-9/2549 хатымен).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңдарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы "Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" N 371 Қаулысына сәйкес **ШЕШЕМІН:**

1. Ауданның тіркеуге тұратын жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарын шақыру учаскесіне тіркеу жұмыстары 2011 жылдың қаңтар-наурыз айларында жүргізілсін.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Қ. Мұстафаеваға жүктелсін.

3. Шешім ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қармақшы ауданының әкімі

Б. Қаюпов